

## Орман қоры жерінің жекелеген учаскелерін елді мекендер жеріне ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1215 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Петропавл мемлекеттік орман мекемесі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - мекеме) Петропавл қаласының шекарасында орналасқан жалпы алаңы 270 гектар жер учаскелері орман қоры жерінің санатынан елді мекендер жерінің санатына ауыстырылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі:

1) орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін орман алқаптарын алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін;

2) алынған сүректі мекеменің теңгеріміне бере отырып, екпе ағаштарды кесуді жүргізісін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1215 қаулысына қосымша

**"Петропавл мемлекеттік орман мекемесі" мемлекеттік мекемесінің Петропавл қаласының шекарасында орналасқан, орман қоры жерінің санатынан елді мекендер жерінің санатына ауыстырылатын жерінің экспликациясы**

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, га	соның ішінде				
		орман өскен	егістік	жайылым	құрылыстың астында	кеніш
"Петропавл мемлекеттік орман мекемесі" мемлекеттік мекемесі	270	178,1	4,4	3,9	81,8	1,8